



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№54 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы

2015 жылғы 16 қазан

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) кезекті отырысы өтті.

Отырысқа «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Даму» ҚДҚ» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ басшылары қатысты.

Комиссияның отырысында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының және «Даму» ҚДҚ» АҚ-тың қатысуымен өткізілген тексерулердің нәтижелері талқыланды.

«Даму» ҚДҚ» АҚ-тың және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың ақпараты бойынша екінші деңгейдегі банктермен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың нысаналы және тиімді жұмсалуды қамтамасыз етуге бағытталған қосымша келісімдер жасалды.

«Даму» ҚДҚ» АҚ-тың деректері бойынша, 2014 жылғы көктемде өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК субъектілерінің жобаларын қаржыландыру¹ үшін бөлінген қаражаттың қайталама игерілуі 2015 жылғы 2 қазандағы жағдай бойынша 8 млрд. 900 млн. теңгені құрады.

«Даму» ҚДҚ» АҚ-тың деректері бойынша, 2014 жылдың соңында өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру² үшін бөлінген 50 млрд. теңгеден 2015 жылғы 2 қазандағы жағдай бойынша банктер 45 млрд. 646 млн. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 91%-ына 260 жобаны іс жүзінде қаржыландырды.

Өз кезегінде «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша 2014 жылдың соңында өңдеу өнеркәсібіндегі ірі кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру үшін 22 млрд. 657 млн. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 45%-ына 23 жоба іс жүзінде қаржыландырылды.

«Даму» ҚДҚ» АҚ-тың деректері бойынша 2015 жылы өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру³ үшін бөлінген 50 млрд. теңгеден

¹ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 354 қаулысы

² «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1276 қаулысы

банктер 39 млрд. 252 млн. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінен 79%-ына 294 жобаны іс жүзінде қаржыландырды.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша 2015 жылы өңдеу өнеркәсібіндегі ірі кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру үшін бөлінген 50 млрд. теңгеден 32 млрд. 671 млн. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 65 %-ына 35 жоба іс жүзінде қаржыландырылды.

Сонымен бірге «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша 2014 жылы ИИДМБ-2 жобаларын қаржыландыру үшін бөлінген 50 млрд. теңгеден 2015 жылғы 2 қазандағы жағдай бойынша 15 млрд. 325 млн. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 31%-ына 2 жоба («АЛТЕЛ» АҚ және «Проммашкомплект» ЖШС) іс жүзінде қаржыландырылды.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша 2015 жылы жеке тұлғаларды - отандық жеңіл автокөлік сатып алушыларды кредиттеу үшін бөлінген 15 млрд. теңгеден 2015 жылғы 2 қазандағы жағдай бойынша 10 млрд. 780 млн. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінен 72%-ына 3 418 жеке тұлға іс жүзінде қаржыландырылды.

Бұдан басқа «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша 2015 жылы отандық экспортерлерді қаржыландыру үшін бөлінген 50 млрд. теңгеден іс жүзінде 29 млрд. 67 млн. теңге игерілді.

	Жыл	Қаржыландыру мақсаты	Бөлінді	Пайдаланылды (млрд. теңге)	Пайдалану %
«ҚДБ» АҚ	2014	Өңдеу өнеркәсібінде ірі кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру	50	22,657	45
	2014	ИИДМБ-2 жобаларын қаржыландыру	50	15,325	31
	2015	Өңдеу өнеркәсібінде ірі кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру	50	32,671	65
	2015	Жеке тұлғаларды – отандық жеңіл автокөлік сатып алушыларды кредиттеу	15	10,780	72
	2015	Отандық экспортерлерді қаржыландыру	50	29,67	59
«ДАМУ» ҚДҚ» АҚ	2014	Өңдеу өнеркәсібінде шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру	50	45,646	91
	2015	Өңдеу өнеркәсібінде шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру	50	39,252	79

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 3302 497

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

³ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2015 жылы өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 124 қаулысы